**«Н. Бекбосынов атындағы Маңғыстау энергетикалық колледжі» МКҚК**

# 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ



**Булекбаева Жансая Жайбергеновна**
*Басшының ОЖЖ орынбасары*

**Актау қаласы, 2024 жыл**

# «Н.Бекбосынов атындағы Маңғыстау энергетикалық колледжі» МКҚК 2024-2025 оқу жылындағы мемлекеттік тапсырысы

| № | Код | Мамандықтар атаулары | | Саны | Оқыту тілі | | Оқу базасы | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Код | Мамандық | Біліктілік | Орын саны | Қазақ тілі | Орыс тілі | 9 сынып базасында | 11 сынып базасында |
| 1 | 06130100 | Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 4S06130103 - Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы | 75 | 50 | 25 | 50 | 25 |
| 2 | 07110100 | Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша) | 4S07110102 - Техник-технолог (түрлері бойынша) | 25 | | 25 | 25 | |
| 3 | 07130100 | Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша) | 4S07130103 - Техник - электрик | 75 | 50 | 25 | 75 | |
| 4 | 07130200 | Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша) | 4S07130202 - Техник - электрик | 50 | 50 | | 50 | |
| 5 | 07130300 | Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары | 4S07130303 - Техник-жылу энергетигі | 25 | 25 | | 25 | |
| 6 | 07140100 | Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша) | 4S07140102 - Техник - электромеханик | 75 | 50 | 25 | 50 | 25 |
| | | | 3W07140101 - Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь | 25 | 25 | | 25 | |
| 7 | 07130500 | Жаңартылатын энергетика | 3W07130501 - Жаңартылатын энергетика жабдығының операторы | 25 | 25 | | 25 | |
| 8 | 07151100 | Машиналар мен жабдықтарды пайдалану (өнеркәсіп салалары бойынша) | 4S07151102 - Техник-механик | 25 | 25 | | 25 | |
| 9 | 07161300 | Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану | 3W07161302 - Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик | 50 | 50 | | 50 | |
| 10 | 07321100 | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің инженерлік жүйелерін монтаждау және пайдалану (түрлері бойынша) | 3W07321102 Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық объектілерінің инженерлік жүйелеріне қызмет көрсету шебері | 25 | 25 | | 25 | |

***Мамандығы:*** **07130100 - Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)**
***Біліктілігі:*** **4S07130103 - Техник -электрик**



# Мамандық сипаты

- Электр жабдықтарына қызмет көрсетіп, жөндейтін білікті маман. Автоматтар мен күштік жабдықтарды бөлшектейді, жинақтайды, жөндейді, реттейді және қозғалтқыштардың күрделі жөндеуін жүргізеді. Жабдықтар жұмыстарындағы ақаулықтарды алдын ала ескерту бойынша шаралар қабылдайды, Автоматты қорғау жүйелеріндегі ақаулықтарды реттейді. Жыл мезгілдері мен жағдайларға тәуелді қозғалтқыштардың, күштік агрегаттардың жұмыс режімдерін қамтамасыз етеді. Техникалық құжаттар жұмыстарын, схемларды оқып біледі.

# Кәсіби қызмет саласы

- Электр жабдықтарын жөндеу және монтаждау жұмыстарын орындайды;
- Электр берудің әуе желілері мен байланыс желілерін, ашық тарату құрылғыларын, релелік қорғау және автоматика аппаратурасын, қайталама коммутация мен байланысты жөндеу және монтаждайды.
- Электр жабдықтарының ақауларын анықтау және оларды жояды;
- Жөндеу және монтаждау жұмыстарының технологиясын біледі;
- Кернеусіз және кернеулі электр беру желілерін жөндеу және алдын алу кезінде жоғарғы жұмыс тәсілдерін біледі;
- Ток және кернеу трансформаторларын сынау үшін схемаларды құрастыруды жүргізеді;
- Барлық үлгідегі контактілерді, іске қосқыштар мен басқару кілттерін жөндеу және реттейді;
- Монтаждық және принциптік схемалардың таңбалануын тексеруді орындайды;

***Мамандығы:*** **07130200 Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)**
***Біліктілігі:*** **4S07130202 - Техник-электрик**

# Мамандық сипаты

- Электрик – бұл электротехника саласында еңбек ететін маман. Электриктер электр жабдықтары мен қызмет көрсетуші құрылғылардың сенімді жұмыс жасауын қамтамасыз ете отырып, жаңа электр желілерін жүргізеді. Қызмет көрсетуші құрылғыларға жоспарлыескертілген жөндеу жұмыстарын жүргізіп, бұзылудың себептерін анықтайды, олардың ескертуімен шара қолданылады. Техникалық қызмет көрсетуіне сәйкес дұрыс әрі сапалы жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Жұмыс барысында құрылғының ақауларын жоя отырып, жөндеу, жаңарту және бірқалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.



# Кәсіби қызмет саласы

- Электр берілісінің желісін, қосалқы станса мен тарату желілерінің электр жабдығын техникалық пайдалануды жүзеге асырады;
- Тұрғын және тұрғын емес үй-жайларға электр энергиясын жеткізеді;
- Электр жабдықтарын орнатады, іске қосады, сынайды, жөндеу жұмыстарын жүргізеді;
- Электр жабдықтары мен электр желілерінің жұмысындағы ақаулықтар мен істен шығулардың себептерін анықтайды және жояды;
- Жөндеулердің кестелері мен технологиялық карталарын құру, электр жабдығын жөндеу және монтаждауды ұйымдастырады;
- Желілерді, трансформаторды, қозғалтқышты қорғауды баптайды;
- Электр қондырғыларында жедел ауыстырып қосу жұмыстарын жүргізеді;
- Электр жабдығын пайдалану және жөндеуге арналған техникалық құжаттаманы жүргізеді;
- Кәсіпорынның қаржы-экономикалық бөлімшелерінде қолдануға арналған электр энергиясын есепке алу деректерін өңдейді.
- Қауіпсіз еңбек жағдайларын, өрт қауіпсіздігі талаптарын орындауды қамтамасыз етеді және өндірістік жарақаттану мен кәсіптік ауруларды болдырмау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;



***Мамандығы:*** **07140100 Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)**

***Біліктілігі:*** **3W07140101 - Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь,**

**4S07140102 - Техник-электромеханик**

**Кәсіби қызмет түрлері:**

- Автоматтандырылған жүйесін реттеу

- Автоматтандыру басқармасының жүйесі және құрылғы жұмысын бақылау

- Жобалау жүйесін бақылау және автоматтандыру

**Кәсіби қызметінің функциялары:**

- Автоматика және өлшеу бақылау құрылғылары

- Автоматикалық бақылау және визуализация жүйесі

- Электроника құрылғылары және техникалық құралдар

***Мамандығы:*** **07130300 Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары**

***Біліктілігі:*** **4S07130303 - Техник-жылу энергетигі**

**Кәсіби қызмет түрлері:**

- Энергияны басқару, оны алу және тарату, ағындарды басқару, электр өткізгіш жүйелерді құру және пайдалану саласын, сондай-ақ электр машиналары мен түрлендіргіштердің жұмысын реттеу.



**Кәсіби қызметінің функциялары:**

- Жылу электр желілерін жобалау, оларды пайдалану, қызметі, монтаждау, баптау, сүйемелдеу, сондай-ақ аппараттық қорғауды қамтамасыз ету.



**07151100 Машиналар мен жабдықтарды пайдалану (өнеркәсіп салалары бойынша) 4S07151102 - Техник-механик**

- **Кәсіби қызмет түрлері:**

  -Машиналар мен механизмдерді жұмысқа дайындау процесі, жекелеген бөлшектерді жөндеу;

  - Жабдықтардың жұмыс істеуін, бос тұрып қалудың себептері мен ұзақтығын есептеуді ұйымдастыру процесі.

- **Кәсіби қызметінің функциялары:**

  - Машиналарды пайдаланудың дұрыстығын бақылауды, жеке бөлшектер мен тораптардың жабдықтарын жөндеуді, тексеруден өткізуді, жабдықтардың жұмысының есебін жүргізуді, жөндеуге қажеті материалдарды алуға өтінім жасауға, жұмыс барысында туындайтын мәселелерді шешу үшін механизмдерді әзірлеу мен пайдалану саласындағы техникалық білімді қолдану.



**06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)**
**4S06130103 – Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушы**

**Кәсіби қызмет түрлері:**

-есептеу машиналары, кешендері жүйелерін және желілерін, ақпарат өңдеу мен басқарудың компьютерлік жүйелерін, автоматтандырылған жобалау жүйелерін және ақпараттық жүйелерді математикалық, ақпараттық, техникалық, ұйымдастырушылық және құқықтық қамтамасыз етуі болып табылады

**Кәсіби қызметінің функциялары:**

-бітірушілердің кәсіптік қызметінің пәндеріне ақпартты-бағдарламалық кешендер компонентерінің сәулетін және оған сәйкес адам-машиналық интерфейстерін жобалау; ақпаратты өңдеудің және басқарудың компьютерлік жүйесін жүзеге асыру үшін бағдарламау құралдарын, есептеу техникасы құралдарын қолдану; кәсіби қызмет объектілерінің бағдарламалық қамтамасыз етілуі, ақпараттық және математикалық элементтерін жобалау.

## ➢ ӨҢІРГЕ ҚАЖЕТТІ КАДРЛАР БОЙЫНША ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР

.

Жаңа мамандықтар - келешекте пайда болу ықтималдығы жоғары мамандықтар. Өңірге қажетті кадрлар бойынша жаңа мамандықтар ашуда болашақта потенциалы бар мамандықтарды таңдау керек, сондықтан 2024-2025 оқу жылында төмендегі аталған мамандықтар бойынша талапкерлерді оқуға қабылдау жүзеге асырылады.

***07161300-Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану***
*3W07161302 - Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик*

***07130500-Жаңартылатын энергетика***
*3W07130501-Жаңартылатын энергетика жабдығының операторы*



***Мамандығы:*** **07130500 Жаңартылатын энергетика**

***Біліктілігі:*** **3W07130501 - Жаңартылатын энергетика жабдығының операторы**

**Кәсіби қызмет түрлері:**

-**Жаңартылатын энергия** немесе **жаңартылмалы энергия** күн жарығы, жел, су, су толқыны, геотермиялық жылу секілді сарқылмас, қайта қалпына келетін табиғи ресурстардан түзілетін энергия.



## 07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану

## 3W07161302 - Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик

### Кәсіби қызмет түрлері:

-автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету және жөндеу саласындағы күрделі техникалық жүйелерді пайдалану

-автомобиль көлігімен сервистік қызмет көрсету, көтерме және бөлшек сауда саласында коммерциялық қызметпен де айналыса алады

-оның қызметі автомобиль көлігінің жылжымалы құрамының ақауларының алдын алуға бағытталған

### Кәсіби қызметінің функциялары:

-жұмысты жоспарлау және автомобильдерді пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу кестелерін құру; есептеулерді орындау және құжаттарды ресімдеу үшін жеке компьютерлерді пайдалану.

-жөндеу жұмыстарының сапасын бақылау;

-диагностика құралдарын пайдалана отырып автомобильдің, жабдықтың, тораптардың, агрегаттардың техникалық жай-күйін анықтау, .

ЖАСМАМАН

# ➢МАТЕРИАЛДЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА










**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫҢ ШЕБЕРХАНАЛАРДА ОРНАЛАСУЫ**

ЖАСМАМАН









***Электромонтаж" құзыреттілігі бойынша WorldSkills - ке дайындауға арналған "Электромонтаж" шеберханасы***

# Worldskills Kazakstan-2024 чемпионатына құзіреттіліктерге қатысуы

- «Электромонтаждық жұмыстары»
- «Слесарлық іс»
- «Сантехника және жылыту»
- «Химиялық талдау»
- «Өндірістік автоматика»
- «Дәнекерлеу технологиясы»
- «Сигналдау, орталықтандыру, блоктау және автомтика жабдықтарын жөндеу, қызмет көрсету»
- «Желілік администрациялау»
- «Компютерлік ойындарға арналған 3Д модельдеу»
- «Графикалық Дизайн»

**Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 197 бұйрығына сәйкес тұлғалардың ТжКОББ ұйымдарында оқуға өтініштерін қабылдау:

**орта буын мамандарын даярлауды** көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына - күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 25 тамызы аралығында, оқудың сырттай нысанына - күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында;

**білікті жұмысшы кадрларды даярлауды** көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша - күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 27 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 мин.;

қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 мин.

# Білім алудың нысандары мен шарттары

**Оқудың күндізгі нысаны бойынша**

- Бюджет есебінен(тегін)

**Оқудың сырттай нысаны бойынша**

- Оқу ақысын төлей отырып (ақылы)

## Оқуға түсушілердің құқықтары

1. Төрт мамандыққа, біліктілікке (қажет болған жағдайда) таңдай алады.

2. ТжКОББ-ның төрт ұйымына дейін таңдай алады.

3. Оқыту тілін (қазақ, орыс) таңдай алады .

4. Құжаттарды электрондық нысанда («электрондық үкімет» веб-порталына) тапсырады немесе білім беру ұйымына құжаттар топтамасын ұсына алады.

# Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі

## Құжаттардың тізбесі

- **<u>көрсетілетін қызметті берушіге</u>:**
  1) құжаттарды қабылдау туралы өтініш;
  2) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы;
  3) 3х4 см көлеміндегі 4 дана фотосурет;
  4) № 075-У нысаны бойынша медициналық анықтама,
  5) жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны салыстыру үшін).

  **<u>Порталға</u>**:
  1) көрсетілетін қызметті алушының нақты тұрғылықты жері көрсетілген, оның өкілінің ЭЦҚ қойылған көрсетілетін қызметті алушының ата-анасының (немесе оның заңды өкілдерінің) бірінің электрондық құжат нысанындағы өтініші;
  2) білімі туралы құжаттың немесе білімі туралы құжаттың электрондық көшірмесі;
  3) № 075-У нысаны бойынша медициналық анықтама,
  4) 3х4 см көлеміндегі фотосурет;

## Жұмыс кестесі

- **<u>қызметті беруші</u>:** Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда көрсетілетін қызмет берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. **<u>Портал</u>:** жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады).

# КӘСІБИ БАҒЫТТАҒЫ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДАҒЫ АРТЫҚШЫЛЫҚТАР




- Мамандықтар бойынша қысқартылған оқу мерзімі.
- Шетелдік оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастық және студенттермен алмасу (академиялық ұтқырлық).
- WI-FI еркін аймағы.
- Мультимедиялық және компьютерлік сыныптар.
- WorldSkills стандарттары бойынша заманауи оқу құралдарымен жабдықталған шеберханалар.
- Білім беру бағдарламаларын іске асыру заманауи білім беру технологияларын пайдалана отырып жүзеге асырылады.
- Тегін спорттық секциялар мен үйірмелер.
- Өзге аймақтардан келген студенттер жатақханамен қамтамасыз етілген.

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!